

АБАЙ ФЕНОМЕНІ М.ӘУЕЗОВ РОМАНЫНДА: АВТОР ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ АСТАРЛЫ АҚИҚАТ

Мәуен ХАМЗИН,
«*Bolashaq*» академиясының профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Қарағанды қ. Қазақстан

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15256897>

Егер адамзат тарихында ХХ ғасыр бұл қазақ әдебиеті үшін алтын ғасыр десек, ол өз бастауын ХІХ ғасырдан, басқасын айтпағанның өзінде ұлы Абайдан алды дегеніміз жөн, сөйтіп, ХІХ ғасырдағы Абай ұлылық эстафетасын ХХ ғасырдағы М.Әуезовке табыс етті. Бұның да өзіндік символдық мәні бар, себебі эстафета аманат рөлін атқарса да, романшыға астарлы ақиқатты тұспалдан жеткізуге мүмкіндік жасады.

Абай, оның өмірі, өскен ортасы, шығармашылық жолы, сондай-ақ әкесі Құнанбай жайлы біршама еңбектер дүниеге келді, бәрін тізіп шықпай-ақ бертініректе жарық көрген дүниелерді Б.Майтанов [1], Ғ.Есімов [2], Т.Жұртбай [3] т.б. еңбектерді айтсақ та жетер, алайда, біздің пайымдауымызда, қарастырмақшы боп отырған осы мәселе атүсті, жалпы шолу сипатында ғана әңгіме боп келе жатқан сияқты... Демек, көркемөнердің табиғатын айрықша танытуға көркемдік-эстетикалық ізденістердің биік тұратынын еске алсақ, төмендегі жайттарды (әрбір студент білетін қарапайым мәселелерді ежіктеп атағанымызға кешірім өтінеміз) басты назарға ұстағанымыз абзал:

- Кәдімгі өзіміз жиі айтатын тартыс, алайда мағынасы кеңдеу, драматизм сипатындағы үлкен, ауқымды қарама-қайшылық, кереғарлық және оның көркем бейнені даралаудағы қозғаушы күші, авторға түрлі амал, тәсілге жүгінуге алғышарттар жасайтындығы;

- Кең мағынадағы драмалық жағдаяттың (коллизияның) мінезді ашатындығы, ал, оның адамның қандай жан екенін аңғартатыны, яғни адамтану ілімінің бір саласы бойынша барлаудың алғашқы нәтижесі екендігі;

- Негізгі ой, идеяны суреткердің кешенді түрде қарастырып, астыртын емеурін, ишаратпен беретіндігі.

Абай – қазақ руханиятында ренессанс жасаған ерекше феномен. Оның ақыл-ой, сана, еңбегін тек ХІХ ғасырдағы берісі қазақтың, әрісі барша түркінің, тіпті барлық адамзат қауымының ірі ақыл-ой алыптарының еңбегімен органикалық бірлікте, тығыз байланыста қарастырсақ қана нақты ұқсастық,



көзқарас бірлігін ғана емес, ішіндегі басқа сарындағы жеке пікірді де аңғарған болар едік.

Абай – өзі ғұмыр кешкен уақытты, қалыптасып, қаймағы бұзылмай тұрған хал-ахуалды негізгі дінін сақтаса да, ерте ме, кеш пе, өзгеріске түседі деп санады яғни ол сол өз дәуірі шеңберінде ғана қалып қоймай, болашақтың сыңайын аңғаруға тырысты.

Абай үндеген көп жағдаяттар сол ортада қыруар қарсылыққа тап болатыны аян еді, оны философ ақынның өзі де сезді, демек, өзі ұстанып, насихаттаған бағдардың қыр-сырына қанығу үшін халқына түсінікті, ұлттық болмыс иірімдеріне тән тілмен туындыларын арнады, даналық пікірлерін ортаға салды.

Абай толық адам концепциясын (тұжырымдамасын) адамзат қоғамына ұсынды, “үш сүю – иманигүл (адамның адамды, адамның Алланы, Алланың адамды сүюі) қағидасы бар, ...қысқасы оның ұлылығы соншалық, осы бүгінге дейін оның тереңіне бойлап, тылсым сырын, жұмбағын әлі шеше алмай келе жатырмыз.

Ал, Құнанбай ше? Жетпіс жыл бойы санамызға әбден сіңіп, тоталитарлық тәртіп идеологиясының жетегінде жүріп қатыгез, қатал, тиран, қанішер, заманының келмеске кетіп бара жатқанына бой бергісі келмей, небір зұлымдық істерге шімірікпей барған, баласы Абайдың биікке бастар жолмен жүріп келе жатқаның қаперіне алғысы келмей, өзі алдыға бастар жолмен төмендеп келе жатқан бала шөнжарын қазіргі уақыт аясында қалай бағалауымыз керек?...

Құнанбай, сөз жоқ, өте күрделі тұлға. Бірден жақсы немесе жағымсыз жағымсыз бен баға беру аса қиын. Алайда ол жайында мына жайттарды басты назарға ұстағанымыз дұрыс:

Құнанбай аса шешімтал, замана талабын тез аңғарар сұңғыла, тегеурінді іс-әрекеттің адамы болғандықтан сол кезең аясында қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардың ырқында кетпей, асқан қайсарлығымен сол жағдаяттарды өзі қалыптастыруға ұмтылды. Әйтпесе, бәрі кеш болатының, мәңгүрт атанатымыздың уақыты келіп қалғаның бірден сезді. Мұсақұл соғысы, Зере анасының ақ сүтін өзімен бірге емген Бөжеймен жауласуы, дүре соғуы, тоқалымен көңілдес болғаны үшін емес, ел ішіндегі ұрлық, барымтаға барды деп Базаралыларды айдатып жіберуі, қазақ тарихында болмаған жайт деп Қодар мен Қамқаны күнәлары үшін өлімге қиюы, айласын асырып, патша ұлығын сабап, қыруар құжаттарды өртеп жіберуі, қылдан тайдың деп талайға тізесінің батуы т.б. жоғарыдағы ойымызға дәлел болса керек...



Діндарлығы, Қарқаралыда мешіт салдыруы, қажылыққа барғанда қазақтар үшін демалатын баспана салдыруы, қазақтың ұлы биі Жанқұттың қабірін құшақтап айтқан сөзінің екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, бүкіл қазақты осы уақытқа дейін қанаттандыруы – бәрі де адам-уақыт-сана-заман төрттағанының күрделілігін Құнанбай қажының мейлінше түсіне алғандығын мойындатады.

Міне, осы бірер тұжырымға зерделеу жүргізе алған жан Әуезовтей қаламгердің бір емес, бірнеше атан түйеге жүк боларлық алапат жүк, салмақпен бетпе-бет келгенін сезінер еді. Сондықтан ба әйгілі суреттер таталитарлық тәртіп кигізген бодандық қамытын, салған темір кісенін ескере отырып, астарлы ақиқатты ғаламат шеберлік әрі айлакерлікпен яғни Құнанбайды «құрбандыққа шалып, Абайды аман алып қалуға» тырысты. Сөйтіп, деспот, тиран (осы уақыттың тілімен айтқанда), диктатор, көкжал, ешкімді аямас жыртқыш, дүлей, қулығын жасыра алатын дөрекі, дінді жамылып, ойына келгенін тежеусіз жүзеге асырған жан періште іспеттес әрі ойлы, әрі сұлулыққа іңкәр ақын Абаймен яғни өзінің ұлымен ымырасыз күреске шықты. Бұл жерде ескере кететін бірер жайт бар, біріншіден, ертеден-ақ әлем әдебиетінде және орыс әдебиетінде әке мен бала арасындағы проблеманы «Абай жолындағы» Құнанбай мен Абай арасындағы пікір алшақтығымен салыстыруға болмайды. Бұндағы әке мен баланың арасындағы «кереғарлықты» ойлап тапқан Әуезовтің өзі. Соцреализмнің таптық принципі авторға солай істеткізгені анық, сондықтан біз Абайды жаңалықтың, Құнанбайды ескіліктің жаршысы деп келдік, шын мәнінде отаршылдарға жем болмау үшін ғасырлар бойы жасаған ұлттық менталитеттен қазақ айрылмаса екен деп Құнанбай жанкешті әрекеттерге барды. Абай өткенді тәрк етпесе де, жаңа жағдай, жаңа уақыт аясында басқашалау іс-әрекетке болжам жасады. Сонда да ... Әуезовке Құнанбайды айрықша қаралау, ерекше қатыгез етіп көрсету не үшін керек болды?! Екеуінің таңдаған жолдарында аздаған айырмашылық болса да, мақсаттары ортақ емес пе еді?

Ортақ-тын. Міне, осы жерде Әуезовтің асқан шеберлігі ғаламат саясаткерлігі және айлакерлігімен небір ұштасты. Әбден иін қандырып, өз қиялығындағы биікке Құнанбайды көтере білген, жазушы тартыс, драматизм, драмалық түрлі коллизиялардың табиғатын терең пайымдаған жазушы роман-дәуірнамадағы бірнеше жүз кейіпкердің ішінен Құнанбайды таңдап алды да, Абаймен күрес тартысқа түсірді. Цензураның да, қуатты идеологияның да тісі бата қоймайтын тәсіл. Құнанбай жауыз. Абай адал. Сонда Әуезов Абайды ғана маркстік-лениндік қасаң әдіснамадан аман алып қалды әрі «жауыз» Құнанбайды да өзі діттеген меже, биігіне жеткізіп, асқақтата алды. Автордың



сұңғыла саясаты да осында еді. Қос көркем бейне тартыстың нәтижесінде типтік кейіпкерге айналды. Танымал қос образдың қақтығысы романның бүкіл негізгі өзегіне, арқауына, құрылымдық желісіне айналды. Автор көздеген, ишаратпен жеткізген, астарлаған ақиқат та осы еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты. А., 2012.
2. Есімов Ғ. Хакім. Абай. А., 1994.
3. Жұртбай Т. Құнанбай А., 2004.
4. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
5. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
6. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>
7. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajlp.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
8. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
9. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

